



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №7 (1875) 27 АҚПАН 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Гонконг политехникалық университетінің қолданбалы әлеуметтік ғылым департаменті Қытай және жаһандық даму желісінің директоры Бенжамин Ку бастаған делегацияны қабылдады.

## Гонконг

### политехникалық университетімен байланыс артады



Білім ордасының басшысы қонақтарды университет жетістіктерімен таныстырып, қытайлық жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстардың жүйелі жүргізіліп отырғанын атап өтті.

Өз кезегінде Бенжамин Ку жылы қабылдағаны үшін университет ректорына ризашылығын білдіріп, бірлесіп атқарылып жатқан жобаларға тоқталды.

«Гонконг политехникалық университеті QS халықаралық рейтингінде 65-орында тұрған әлемдегі жетекші жоғары оқу орны. Қос университет арасындағы ынтымақтастық күннен-күнге артып келеді. Мәселен, ортақ конференциялар мен кездесулер өткізіліп тұрады. Алдағы уақытта екі университет арасында қос диплом беру, оқытушылар мен студент алмасу бойынша жұмыстар жалғаса бермек», – деді құрметті мейман.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

## Академик атындағы аудитория ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, экономика ғылымының докторы, профессор Кенжеғали Сағадиев атындағы аудиторияның ашылу салтанаты өтті.



номика және білім саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ түлегі, көрнекті ғалым Кенжеғали Сағадиевтің жетістіктеріне тоқталып, «Кенжеғали Әбенұлы әрдайым жас ғалымдарға қамқорлық жасап, білімді шә-

кірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Академик атындағы жаңа аудитория болашақ экономистерді, бизнес-менеджерлерді даярлау бойынша кәсіби шеберханаға айналады», – деп атап өтті.

Шарада сондай-ақ ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанов, академик Сәбит Байзақов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, «Нұрсұлтан Назарбаев білім қоры» қоғамдық қоры директорының бірінші орынбасары Светлана Мырзабекова, академиктің жары Нағытай Кішкенова және басқа да ғалымдар мен қоғам қайраткерлері сөз сөйледі.

**Света ӨМІРФАЛИЕВА**



## БАҚ өкілдері ғылыми жобалармен танысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми-технологиялық парк мен ғылыми-зерттеу лабораториялары жетістіктерін таныстыру мақсатында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті.



Журналистермен жүздесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев атқарылған істер мен айшықты жобалар жайлы айтып берді. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – QS WUR халықаралық рейтингінде 150 үздік ЖОО қатарына енген елдегі және Орталық Азия өңіріндегі жалғыз ірі ғылыми-білім беру орталығы. ҚР Үкіметінің қаулысымен еліміздің жетекші жоғары оқу орнына 2022 жылғы 25 шілдеде зерттеу университеті мәртебесі берілді. ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейдегі

зерттеу университеті ретінде 2022-2026 жылдарға арналған даму бағдарламасы әзірленді. 2022 жылы Ыстамбұл және Бішкек қалаларында ҚазҰУ филиалы ашылып, Алматыда ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы құрылды», – деп атап өтті ректор. Сонымен қатар университет-

те 16 факультет, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық пен Ғылыми-технологиялық парк, 97 өндірістік филиалдан тұратын бірегей ғылыми-инновациялық инфрақұрылым қалыптасты. Жыл сайын конкурстық негізде университет ғалымдары іргелі

және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша 400-ден астам ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ жалпы көлемі 8,1 миллиард теңге нысаналы қаржыландыру бағдарламаларын іске асырады.

Жалғасы 4-5 беттерде



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Санат Ахановпен кездесті.

## Инновациялық жобалар бірге іске асырылады



«ҚазҰУ ғалымдарына инновациялық курс өткізу туралы ұсынысымды жеткізім келеді. Ол курста ғылымға қатысты барлық бағыттар қамтылатын болады. Бұл өз кезегінде тәжірибе алмасуға және ғалымдарымыздың біліктілігін арттыруға сеп болады. Сондай-ақ ғылыми жобалар арқы-

лы конкурстарға қатысу, гранттар ұтып алу бойынша да тәжірибемен бөлісе аламыз. Сондықтан ҚазҰУ ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге әзірміз», – деді Санат Жолдыханұлы.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізіп, құрметті

**Нұрсұлтан  
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 27 оқытушысы жалпы республикалық байқауда 775 үміткердің ішінен үздік деп танылды. Жеңіске жеткен 150 оқытушыға 6 млн теңге сыйақы берілді. Марапаттарды ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады.

## ҚазҰУ-дың 27 оқытушысы үздіктер қатарында



Байқауда еліміздегі 43 жоғары оқу орнының 150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Олардың әрқайсысы 2000 АЕК (6 млн 126 мың теңге) сыйақы алды. Оқытушыларға қаржылай ынталандырумен қатар, төсбелгі де табысталды.

Айта кетейік, республикалық конкурстың комиссияның шешімімен са-

йыста электронды оқу ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т.б. сияқты көрсеткіштер бағаланды.

Конкурс жеңімпаздарын құттықтаймыз!

### Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен «ЖОО үздік оқытушысы – 2022» байқауының жеңімпаздары

1. Ақмұханова Нұрзия Рахмедқызы
2. Ақымбаева Әлия Сағындыққызы
3. Асқарова Әлия Сандыбайқызы
4. Берденова Бақытнұр Аманбайқызы
5. Бөрібаев Жолдас Алладинаұлы
6. Дәуітбек Достілек
7. Дүзбаева Салтанат Бекболатқызы
8. Жидебекқызы Ақнұр
9. Картабаева Ерке Тамабекқызы
10. Қоданова Сандуғаш Құлмағамбетқызы
11. Қозғамбаева Гүлнар Бестібайқызы
12. Қошанов Бақытбек Данебекұлы
13. Құдайбергенова Сандуғаш Кансарқызы
14. Кудреева Лейла Кадирсизовна
15. Ловинская Анна Владимировна
16. Мадалиева Забира Бекешқызы
17. Мун Григорий Алексеевич
18. Мұхаметкерімов Ержан Советбекұлы
19. Омаров Батырхан Сұлтанұлы
20. Өмірбекова Әлия Өмірбекқызы
21. Оңғарбаев Ербос Қалимоллаұлы
22. Оразбаев Сағи Амзәулы
23. Оспанова Жанар Бесембайқызы
24. Рахимова Диана Рамазанқызы
25. Сарбасов Болатхан Серғазыұлы
26. Темірбеков Алмас Нұрланұлы
27. Эгамбердиев Мырзахан Шәріпбайұлы

- Биология және биотехнология факультеті  
География және табиғат пайдалану факультеті  
Физика-техникалық факультеті  
Механика-математика факультеті  
Ақпараттық технологиялар факультеті  
Механика-математика факультеті  
Заң факультеті  
Экономика және бизнес жоғары мектебі  
Тарих факультеті  
Физика-техникалық факультеті  
Тарих факультеті  
Механика-математика факультеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Химия және химиялық технология факультеті  
Биология және биотехнология факультеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Химия және химиялық технология факультеті  
Физика-техникалық факультеті  
Ақпараттық технологиялар факультеті  
Философия және саясаттану факультеті  
Химия және химиялық технология факультеті  
Физика-техникалық факультеті  
Химия және химиялық технология факультеті  
Ақпараттық технологиялар факультеті  
Филология факультеті  
Механика-математика факультеті  
Шығыстану факультеті

## Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру маңызды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда ағымдағы жұмыс мәселелерімен қатар, білім беру бағдарламаларының сапасы талқыланды.



Ғылыми кеңесте Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ғалымдарды «QazInnovations» инновацияларды дамыту ұлттық агенттігінің басқарма төрағасы Санат Ахановпен кездесуі туралы хабардар етті. «Университет пен «QazInnovations» әріптестігі инновациялық жобаларымызды коммерцияландыруға және кәсіпкерлік өндірісті дамытуға ықпал етеді. Біз бұл бағытта белсенді жұмысты жалғастыра береміз. Агенттік төрағасы ҚазҰУ-дың Ғылым департаментін ғылыми-инновациялық жобаларды қаржыландыру көздерімен және барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етуге дайын. Бұл бағыттағы іс-шараларды жандандыруымыз керек. Мемлекет университет ғалымдарынан ауқымды әрі

тиімді жобаларды күтуде. Жақында француздық «Total Egen» компаниясымен де келіссөздер жүргізілді. Біз ғылыми орталықты бірлесіп ашу және түлектерімізді өз кәсіпорнында жұмысқа орналастыру бағыттары бойынша келіссөздер жүргіздік», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.

Ғылыми кеңестің күн тәртібі бойынша оқу орнының Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Жақыпова білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету жолдары жайлы баяндады. Ол негізгі шешуші бағыттар: ғылым және білім саласындағы заңнаманы жетілдіру, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, сапаны қамтамасыз ету жүйесі, интернационалдандыру және халықаралық әріптестік, ұлттық және жаһандық бәсекеге

қабілеттілікті арттыру екенін атап өтті.

Фатима Жақыпова өз сөзінде «Кәсіби біліктілік туралы» заң жобасына назар аударатын, ол біліктілікті тану мәселелерін реттеуге және қызметкерлерді өз құзыреттерін жетілдіруге ынталандыруы тиіс екенін айтты.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев түлектерді жұмысқа орналастыру, жұмыс берушілермен байланыс, ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар мәселелеріне көңіл аударып, «Кәсіптік біліктілік туралы» заң жобасын талқылау және талдау қажеттігін алға тартты.

Сондай-ақ жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бішкектегі филиалының жұмысы туралы директор Жамин Шейшенов баяндама жасады.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

Күләш ШӘМШИДИНОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі:

## ҚазҰУ – ғылым жолындағы алғашқы баспалдағым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова көшбасшылық дәріс оқыды.



Көшбасшылық дәрісті университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Күләш Ноғатайқызының табысты еңбек жолына тоқталды.

«Күләш Ноғатайқызы Шәмшидинова университетіміздің химия факультетінің түлегі. Ол қарапайым мектеп мұғалімінен Білім және ғылым министріне дейін көтерілген тұлға. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап білім беру саласында жауапты қызметтер атқарды. Білікті маман, іскер ұйымдастырушы ретінде еліміздегі білім, ғылым саласындағы реформаларды іске асыруға атсалысты», – деді университет ректоры.

Күләш Ноғатайқызының басшылығымен жүргізілген зерттеулер негізінде Ұлыбритания және Сингапур сияқты т.б. беделді халықаралық білім беру мекемелерінің тәжірибесіне негізделген зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламалары әзірленіп, қолданысқа енгізілген.

Осы орайда, білім беру саласына сіңірген ерен еңбегін ескеріп, университет ректоры Күләш Ноғатайқызын мерейлі 65 жасымен құттықтап, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универси-

тетінің Құрметті профессоры» атағымен марапаттады.

Спикер өз сөзінде ҚазҰУ үлкен білім, ғылым жолына бастаған алғашқы баспалдақ болғанын, сол үшін қара шаңырақ оқу ордасы қашанда ыстық екенін атап өтті.

Күләш Шәмшидинова бала тәрбиесі ең өзекті мәселелердің бірі екеніне назар аударып, «Ой толғау нүктесі: орта білім мазмұны, мұғалім, қазіргі замандағы білім беру архитектурасы» тақырыбында дәріс оқыды.

**Нұрбек НҰРЖАН**



Профессор Камар Аббас Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Электрохимиялық энергияны сақтау және материалдар химиясы» тақырыбында дәрістер топтамасын оқыды. Ол Австриядағы Грац технологиялық университетінің және Польшадағы Познань технологиялық университетінің профессоры, редакциялық кеңестің мүшесі, рейтингі жоғары журналдардың рецензенті. Электрохимиялық энергияны сақтау саласында жоғары Хирш индексі бар аға жетекші ғылыми қызметкер.

Камар АББАС:

# Жастардың ғылымға құштарлығына тәнті болдым



Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да, Жану проблемалары институты мен Физика-химиялық әдістерді талдау және зерттеу орталығында болды. Жоғарыда аталған оқу орындарының басшыларымен жүргізілген келіссөздер нәтижелері бойынша академиялық ұтқырлықты дамыту және магистранттар мен докторанттарды алмасу бойынша іс-шаралар жоспарланған болатын.

Сондай-ақ профессор Алматы іргесіндегі жергілікті мектепке, Әл-Фараби атындағы мамандандырылған Алмалыбақ лицейіне шақырылып, оқушыларға мотивациялық баяндама жасады. Ғалымның өмірбаяны мен жетістіктерімен қысқаша таныстырудан кейін оқушылар оның ғылыми жолы, халықаралық ғылыми ұжымдардағы өмірі және ғылыми ынтымақтастықтары туралы қызығушылықпен көптеген сұрақтар қойды. Олар сондай-ақ доктор Аббастың нәліктен химияны оқу саласы ретінде таңдағанын сұрады. Ғалым мектеп кезінен химияны ұнататынын айтты. Жалпы, бұл кездесу мектеп оқушылары мен қызметкерлері үшін өте маңызды болды.

Камар Аббас ҚазҰУ-дың Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының

меңгерушісі, профессор Е.Әубәкіровпен бірлесіп ғылымды дамыту және құнды тәжірибе алмасу үшін одан әрі ынтымақтастық пен тығыз өзара іс-қимыл стратегиясы әзірленді. Қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын гранттық өтінімдерге профессор Камар Аббас бірлесіп отырып, шетелдік ғылыми кеңесші ретінде «Энергияны жылдам сақтау үшін көміртегі-йодтыаралық процестерді түсіну» және «Гибридті суперконденсаторлар үшін құрама металдар қолдану» тақырыптары бойынша қатыстық.

Камар Аббас Қазақстанда бір ай болған кезінде халқымыздың мәдениетімен, Алматының көрікті жерлерімен танысып, қаланың ғажайып табиғаты мен алуантүрлілігіне әсерленді. Профессорға әсіресе қазақтың дәстүрлі ас мәзірі мен жергілікті қонақжайлығы ұнады. «ҚазҰУ-ға баруға әрқашан қуанышты болар едім. Қазақстанға алғаш келуім болса да, ҚазҰУ-дағы әріптестердің қонақжайлығы мен достығы мені өз үйімде жүргендей сезіндірді. Осы сапарымда кафедрадағы және Алматы қаласындағы жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу бағыттарымен танысып, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында кеңінен әңгімелестім. Жағымды естеліктерім көп, мұндай жемісті істер алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенімдімін», – дейді Алматыға жиі келіп, алдағы уақытта да ҚазҰУ-мен тығыз ғылыми ынтымақтастықты жалғастыруға ниет білдірген профессор.

**Жазира СУПИЕВА,**  
Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының PhD, аға оқытушысы

орайда, Камар Аббас біздің елге келу туралы шақыртуды үлкен қуанышпен қабылдады.

2021/22 оқу жылында профессор Камар Аббас Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасында онлайн форматта «Академиялық жазу», «Зерттеу әдістері» пәндері бойынша дәрістер оқыды. «Химия» білім беру бағдарламасының PhD докторанттары үшін химия және химиялық технология факультетінде ғалымның дәрістері мен практикалық сабақтары өтті. Төменде доктор Аббастың таңдаулы дәрістерінің атаулары берілген:

- Материалдар химиясы және көміртегі материалдарымен таныстыру
- Электрохимияға кіріспе
- Кеуекті көміртектердегі зарядты сақтау негіздері
- Материалдарды сипаттау үшін қолданылатын әдістер мен жабдықтар
- Суперконденсаторлардағы электродтық материалдардың синтезі және қолданылуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғадым. Профессордың Қазақстан мен ҚазҰУ туралы көптеген қызықты мәліметтер білуіне септігім тиді деп ойлаймын. Осы

Бұл іс-шара магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар профессорлық-оқытушылық

құрамға ғылыми кеңестер беру мақсатында өткізілді. Қатысушылар шетелдік профессордың жұмысына үлкен қызығушылық танытып, ғылыми жұмыстарын ұсыну мүмкіндігін пайдаланып, әрі қарай жетілдіру үшін көптеген пайдалы ұсыныстар мен сын-пікірлер алды. Студенттердің өз зерттеулерінің тақырыптарын жеке талқылауы есте қалатын сәттердің бірі болды. Профессор дарынды студенттермен жеке араласып, олардың ғылымға деген құштарлығы мен қызығушылығына тәнті болды. Дәрістер мен сабақтардың форматы барлығын қуантты, өйткені әрбір қатысушы өзінің ғылыми қызметі үшін көптеген пайдалы және практикалық ақпарат алды.

Осы сапар барысында профессор Камар Аббас Химиктер лигасының халықаралық олимпиадасын ұйымдастыруға да қатысты. Оның қатысуы олимпиада тапсырмаларын тікелей қалыптастырудан, оны қазылар алқасының құрамында өткізуден және алынған есептерді бағалаудан тұрды. Сондай-ақ Алматыда болған кезінде профессор Аббас Алматыдағы үш ғылыми орталықта, атап айтқанда:

## Корпоративтік басқару қажет пе?

Корпоративтік басқару – объективтілік, есеп беру, жауапкершілік және жариялылық сияқты демократиялық принциптердің негізі. Ол коммерциялық қызметтің белгіленген нормаларын сақтауды қамтамасыз ете отырып, демократиялық көшбасшылықтың заңдылығы мен принциптерін нығайтуға ықпал етеді.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қуатты құралы бола отырып, корпоративтік басқару, жекеменшік құқықтары мен қоғамдық мүдделерді нақты ажыратуға мүмкіндік беретін мықты құрал. Қазақстанда корпоративтік басқару қағидаттарын нығайтуға мемлекеттік және сот билігі органдарының, атқарушы органдардың әлсіздігі, тиімсіздігі, сыбайлас жемқорлық кедергі келтіреді. Осы саладағы реформалау елдегі тиісті корпоративтік басқару қағидаттарын бекіту үшін басым мәнге ие.

Университеттердің де өз функцияларын сапалы орындауының маңызды элементі – олардың

корпоративтік басқару жүйесі. XXI ғасырдың басында Латын Америкасы, Бразилия, Оңтүстік Корея, Тайвань, Армения сынды елдердің ЖОО-лары өз алдына жаңа стратегиялар қойып, корпоративтік басқару тәсілдерін енгізе бастады. Осыған байланысты ЖОО-да корпоративтік басқару қағидаттары енгізіліп, директорлар кеңестері құрылды. Кеңестердің отырыстары кезінде ең көп талқыланған мәселелер мынадай болды: 1) университеттің стратегиялық міндеттерін іске асыру (81%); 2) сыртқы қаржыландыруды тарту (39%); 3) университетті басқару тиімділігін бақылау (29%); 4) университеттің

имиджі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру (12%); 5) университеттің материалдық, оқу-әдістемелік процесі техникалық қамтамасыз ету (31%); 6) сыртқы байланыстар (25%). Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, корпоративтік басқару органдары жұмыс істейтін ЖОО-лардың үлесі 2019 жылы 72%, ал 2023 жылға

қарай ЖОО-лардың жалпы санының 95% құрауы тиіс.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көптеген түлектері мансап жолында табысқа жетіп, қазіргі таңда үлкен компаниялардың директорлар кеңесінің мүшелері болып, Қазақстандағы ұйымдардың корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге өз үлестерін қосуда. Жыл сайын Менеджмент кафедрасының «Менеджмент», «Жер-

гілікті және мемлекеттік басқару» мамандықтарының студенттері де елдегі корпоративтік басқару тақырыбында өзекті мәселелерді дипломдық жұмыс, диссертацияларына арқау етіп («Корпоративтік клиенттермен қарым-қатынасты басқарудың тиімді жүйесін әзірлеу және енгізу», «Қазіргі корпоративтік басқару модельдерін салыстырмалы талдау», «Халықаралық компанияны басқару жүйесіндегі корпоративтік мәдениет» т.б. тақырыптарды зерттеуде) және оны елде дамытуға өз үлестерін қосуда. Болашақта студенттер зерттеу жүргізіп, соны тәсілдерін университеттердің корпоративтік басқаруында қолданысқа енгізу арқылы бізді жаңа сатыға көтеріп, тың тәжірибелер әкелері сөзсіз.

**Ардақ ТҮРҒЫНБАЕВА,**  
Менеджмент кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.д.

**Ақұлпа ИСАХАН,**  
«Менеджмент» (РУДН) мамандығының 2-курс магистранты



# БАҚ өкілдері ғылыми

Соңы.  
Басы 1-бетте



Ғылыми институттармен және ұйымдармен интеграция күшейтілді, 21 білім беру бағдарламасы енгізілді, 396 магистр мен PhD докторы оқуды аяқтады. Өнертабыс пен модельге 400 патент пен авторлық куәлік алынды. Қазақстандық ғалымдардың Scopus-та мақалалар саны артты. Оның 58 пайызын жыл сайын ҚазҰУ қызметкерлері жариялайды.

2014 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ларды интеграциялау бағдарламасы шеңберінде «Ғылым ордасының» 10 ҒЗИ-мен бірлескен қызметті қарқынды іске асыруда. 2022 жылы ҚазҰУ аталған бағдарлама шеңберін ұлғайтып, «Ғылым ордасы» ҒЗИ-ларымен тағы тоғыз шартқа қол қойды.


ҚазҰУ базасында 2008 жылдан бастап ғалымдар мен студенттердің инновациялық идеяларының табысты инкубаторы ретінде танылған Ғылыми-технологиялық парк жұмыс істейді.

Баспасөз туры барысында БАҚ өкілдері университеттің ғылыми-инновациялық инфрақұрылымымен танысып, Ғылыми-технологиялық парк мен ғылыми-зерттеу лабораторияларына барды. Журналистерге қазіргі уақытта ҚазҰУ-да жүзеге асырылып жатқан жобалар таныстырылды.

Технопарк «ТрансНефть» Орталық Азия ғылыми-зерттеу және жобалау институтымен бірлесіп, «Сұйық түрдегі ракушка плиткелардың бетіне жағылатын тау жыныстарының поликристалды сынғыш ұнтақты кальций карбонатын жасайтын бірлескен өндірісін құру» инновациялық жобасын іске асыруда.

Осы жобаны іске асыру мақсатында «Инновация плюс» еншілес коммерциялық ұйымы құрылды. Ол жаңа құрылыс материалының жоғары тиімділігін растай отырып, осы материалды ҚазҰУ ғимараттарының қасбеттеріне эксперименттік қолдану бойынша жұмысты бастады. Осы уақытқа дейін айына 10 000 м<sup>2</sup> көлемінде инновациялық құрылыс материалдарын өндіру жолға қойылды.

Сондай-ақ Технопарк дәстүрлі



электр энергиясы жоқ жерлерде электр энергиясын беруге арналған қуаты 2 және одан да көп кВт/сағ телеметриясы бар мобильді автономды гибриді күн энергиясы қондырғысын әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Бұл жобаға ҚР Қорғаныс министрлігі, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі, «Қазақтелеком» АҚ, ұялы байланыс операторлары, агроөнеркәсіптік кешен өкілдері және басқа да ұйымдар қызығушылық танытты.

«Инновация плюс» компаниясымен бірлескен келесі табысты жоба – «Мұнай ұңғымаларын асфальт-шайыр-парафинді және гидратты шөгінділерден тазарту технологиясы» деп аталады.

Ғалымдар әзірлеген автоматты мұнай шөгінділерін тазарту қондырғысы мұнай өндіру кезінде циклдік және күнделікті тазартуды жүзеге асырады, бұл мұнайды үздіксіз өндіруге мүмкіндік береді. Құрылғы тозуға төзімділіктің жоғары параметрлеріне ие және минималды бақылауды қажет етеді. Құрылғы қолданыс-

тағы тазарту шығындарын 80 пайызға дейін оңтайландыруға, тазарту кезінде мұнайдың жоғалуы мен төгілу қаупін азайтуға, пайдалану процесінде «адам факторының» теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Дәрілік өсімдіктердің ғылыми-зерттеу орталығында журналистерге «Өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнімдерді әзірлеу» жобасы ұсынылды. Университет ғалымдары жоба авторы Жанар Жеңістің жетекшілігімен алғаш рет Қазақстан аумағында өсетін дәрілік және қоректік шөп қоспаларының бірнеше түрін тұратын табиғи тұнбалар жасады. Олар тұмау вирусына, ЖРВИ-ге, сондай-ақ бауыр мен әйел денсаулығын сақтауға бағытталған профилактикалық және емдік қасиеттерге ие.

Өндірілетін өнімнің тұтынушылары фармацевтикалық компаниялар, медициналық мекемелер, ғылыми-зерттеу институттары және басқа да көптеген нарық субъектілері бола алады.

Содан соң журналистер ғалым





# Жобалармен танысты



Әмірхан Темірбаев жетекшілік ететін «Әл-Фараби сериясының университеттік наноспутниктерін әзірлеу және құру» жобасымен танысып, процестік инновациялар орталығына барды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Cubesat стандартының алғашқы қазақстандық наноспутнигін әзірлеуші. Бүгінде университет екі наноспутникті ғарышқа ұшырды. Cubesat-тар кішкентай көлеміне қарамастан, Марс атмосферасы, астероидтар, күн желін зерттеу, сондай-ақ нақты уақыт режимінде Жер шарының бетін бақылау сияқты бірқатар технологиялық, ғылыми және білім беру мәселелерін шешеді.

Бүгінде «Ғылым қоры» қолдауымен Процестік инновациялар орталығы базасында ғарыштық робототехниканы, сондай-ақ еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындарында STEM-білім беруді дамытуға бағытталған «Білім беру мекемелеріне арналған шағын ғарыш аппараттарының инновациялық конструкторларын өндіру» жобасы іске асырылуда.

Қазірдің өзінде 10-нан астам жиынтық сатылды, көптеген мектептер жаңа AlfaSat конструкторын пайдалануға қызығушылық танытты. Конструкторды еліміздің колледждері мен жоғары оқу орындарына енгізу жоспарлануда.

Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана мен инженерлік өндіріс зертханасы қонақтарға Данияр Исмаиловтың «Наноматериалдар негізіндегі қабылдағыштар» жобасын ұсынды. Қабылдағыштарда сенсор ретінде заманауи нанотехнологиялық тәсілдер пайдаланылатын болады, бұл шығарылатын өнімнің сипаттамаларын жақсартуға мүмкіндік береді. Оның артықшылығы – нанотехнологияға негізделген сапа, нано саладағы ерекше қасиеттерге байланысты баға тұрғысынан қолданыстағы аналогтармен бәсекелесе алады. Тұтынушылар: мектептер, жоғары оқу орындары, тұрмыстық мақсатта, алдын ала сигнал беру қажет өнеркәсіптер, төтенше жағдай кезінде хабарлау.


Мерлан Досболаевтың «Жаңа технологиялар негізінде жоғары жарықтық қарқындылығы бар энергия үнемдейтін газразрядты шамдардың шағын сериялы өндірісін ұйымдастыру» атты жобасы БАҚ өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Өйткені ол T5 және T8 типті энергия үнемдейтін шамдарды пайдалану арқылы энергия тұтынуды үнемдеу мәселесін шешеді. Жобаның мақсаты жарқылдың жоғары қарқындылығымен энергия үнемдейтін газразрядты шамдардың шағын сериялы өндірісін ұйымдастыру және енгізу болып табылады. Ұсынылатын шамдардың бәсекелестік артықшылықтары – жарық тиімділігі 20 пайызға, жарқырау қарқындылығы 1,5 есе, жоғары сапа және қолжетімді баға.

Асқар Жүнісбековтің «Орта оқу орындарында электр құбылыстарын зерделеу үшін зертханалық кешендердің шағын өндірісін ұйымдастыру» жобасы қазақстандық мектептер мен колледждерді білім берудің жоғары стандарттарына сай келетін заманауи оқу жабдықтарымен жарақтандыруға ықпал етуге бағытталған. Автор ұсынған зертханалық кешен автономды, пайдалану және техникалық қызмет көрсетуі қарапайым. Жиырма екі зертханалық жұмысты орындауға мүмкіндік береді және арнайы кабинетті қажет етпейді.

Баспасөз туры ҚазҰУ ғалымдарының инновациялық жобаларының көрмесі өтетін Әл-Фараби ғылыми кітапханасында өз мәресіне жетті. БАҚ өкілдері ғалымдармен сұхбаттасып, атқарылып жатқан ғылыми жобаларды көзбен көруге және өздерін қызықтырған сұрақтарды қоюға мүмкіндік алды.

Осылайша елдің жетекші жоғары оқу орны ғылыми-инновациялық жобаларды іске асыра отырып, университет ғылымын нығайтуға, оның академиялық ғылыми-зерттеу институттарымен интеграциялануына және табысты қызмет нәтижелерін одан әрі коммерцияландыруға ықпал етуде.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ





**Академическая политика КазНУ им. Аль-Фараби направлена на обеспечение конкурентоспособных специалистов, обладающих достаточными знаниями, способных усваивать новые объекты знаний, а также генерировать новые знания; имеющих сформированное компетентное поле, имеющих активную гражданскую позицию, основанную на идеях мира, добра и справедливости. Для педагогического состава университета сформулированы задачи совершенствования и обновление содержательной, мотивационной, ценностной составляющей образовательных программ как средства целенаправленного формирования конкурентоспособного выпускника-специалиста, готового к постоянному профессиональному росту, социальной и профессиональной мобильности.**

лиц, применяющих уголовный закон, от надлежащего ресурсного, кадрового, организационного обеспечения их деятельности, от формирования в обществе атмосферы доверия и поддержки по отношению к правоохранительной деятельности. Система принципов уголовного законодательства как норм прямого действия, обеспечивает возможность вести борьбу с искажениями правоприменительной практики, противостоять фактам нарушений уголовного

Общественность убеждается, что для государства и общества в целом гораздо предпочтительнее не жесткость и жестокость наказания, а изыскание иных путей исправления лиц, переступивших закон.

Амнистия и помилование являются актами, которые, не отменяя ни уголовного закона, предусматривающего ответственность за те или иные преступления, ни приговора суда, освобождают от уголовной ответственности или наказания, или

шившим преступные деяния, и отказ от применения принуждения, когда возможно, способствуют снижению рецидива в частности и сокращению преступности в целом.

Сегодня все мы отчетливо понимаем, что наказание должно быть необходимым и достаточным для осознания лицом, совершившим уголовное правонарушение, своих противоправных деяний. В этом случае возможно смягчение положения лиц, освобождение от ответственности и наказания, которое создает для осужденного положительную перспективу на будущее.

Но следует отметить, что за годы независимости освобождение от наказания претерпело изменения. Прослеживается тенденция к расширению оснований для применения такого вида, как освобождение от уголовного наказания, расширение круга амнистируемых. Так, например, в законе 1996 года амнистия распространялась на лиц, впервые осужденных к лишению свободы до 3 лет, впервые осужденных к лишению свободы до 5 лет, отбывших не менее одной трети срока наказания, осужденных за неосторожные преступления, отбывших половину срока наказания военнослужащих.

Закон 2000 года расширил круг оснований: теперь амнистии могли подлежать мужчины, имеющие детей, не достигших 16-летнего возраста, или детей-инвалидов 1-й и 2-й групп при условии, что у последних нет матери, опекунов, также впервые указываются женщины и мужчины, имеющие родителей (одного из них) в возрасте старше 63 лет, при условии, что у последних нет других трудоспособных детей. Кроме того, снижается возраст до 50, 55 лет, по достижении которого эти лица подлежат амнистии (раньше этот возраст определялся – 60, 55 лет), расширяется круг лиц, больных онкологическими заболеваниями, а также больных туберкулезом. То есть можно сделать вывод, что каждый последующий акт амнистии расширял круг оснований для применения амнистии.

Процесс гуманизации длительный, и на пути к нему есть вопросы, которые нужно изучать и решать. Но уже сегодня можно сказать, что гуманизация уголовного законодательства и правоприменительной деятельности – это результат гуманного отношения не только государства, но и прежде всего общества к своим оступившимся гражданам. Амнистия же является эффективным средством реализации уголовной политики нашего государства, согласно которой высшими ценностями являются человек, его жизнь, права и свободы. В перспективе высшим основанием амнистии может стать основание, отрешенное от политики, которое можно назвать этическим основанием. Такое основание возможно только при росте этической мотивации. Но при этом данное основание должно существовать наряду с политическими основаниями, без которых амнистия как акт высшего органа государственной власти невозможна.

**Лязиза БЕРСУГУРОВА,  
Асель ШАРИПОВА,**  
доценты кафедры  
Уголовного права,  
уголовного процесса и  
криминалистики

# Гуманизм и принципы уголовного законодательства РК

Этим основным задачам соответствует образовательная программа подготовки магистрантов специальности «судебно-прокурорско-следственная деятельность» кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби. В рамках изучения предмета «Актуальные проблемы уголовного права» по теме «Проблемы закрепления принципов уголовного права в законодательстве РК» внимание магистрантов было обращено на существование проблемы незакрепления принципов уголовного права в законодательстве РК. Тема оказалась настолько интересной, что было проведено расширенное обсуждение вопроса реализации принципа гуманизма на тематическом семинаре кафедры. Была проанализирована не только динамика (тенденции) изменения законодательных регламентаций принципов уголовного права, но и отслежена связь принципа гуманизма с процедурами проводимых реформ уголовного законодательства и реформ системы правоохранительных органов страны.

При анализе действующего уголовного законодательства РК привлекает внимание, что как таковые принципы уголовного права в законодательстве РК не закреплены, как это практикуется обычно во всех кодифицированных законодательствах разных отраслей права. Между тем отдельные аспекты, которые можно отнести к тем самым основополагающим идеям о равенстве граждан перед законом, о недопустимости применения закона по аналогии и двойного привлечения к уголовной ответственности, неприемлемости пыток и других унижающих человеческое достоинство видов обращения как элемента принципа гуманизма, все же закреплены соответственно в ч.4 ст.15, ст.4 и ч.3 ст.9 УК РК.

Приведенная формулировка отчетливо выделяет два взаимосвязанных аспекта. Принцип гуманизма предполагает направленность уголовного закона на обеспечение безопасности всех членов общества. Речь, таким образом, не идет об абстрактных идеях смягчения ответственности и наказания. Изменение уголовного законодательства также должны осуществляться с учетом социальной и криминальной обстановки и лишь в пределах, кото-

рые не ставят под угрозу достижение целей уголовной ответственности и наказания при безусловном соблюдении принципов справедливости и гуманизма. Не менее важно помнить и о приоритетном требовании защищать права и законные интересы потерпевших, жертв преступлений, а не только лиц, привлекаемых к уголовной ответственности.

Принцип гуманизма может трактоваться как человечность. В этой связи реализация данного принципа, как и всех других принципов уголовного законодательства, должна обеспечивать эффективную защиту прав и законных интересов граждан от преступных посягательств. Принцип гуманизма обеспечивает защиту от избыточности и иной «искаженной» направленности мер уголовно-правового воздействия на лиц, совершивших преступление. Запрет жестокости или унижения человеческого достоинства преступников вытекает из 17 Конституции РК и международно-правовых обязательств Казахстана.

Характер уголовного наказания влечет у многих осужденных серьезные психические переживания, ухудшение условий их физического существования. Не являются ли следствием наказания противоречащими принципу гуманизма? На этот вопрос следует ответить отрицательно. В соответствии со ст. 39 УК РК суть наказания виновного заключается в предусмотренных Уголовным кодексом лишении или ограничении прав и свобод этого лица. А значит, переживания, неблагоприятные условия жизни и иные, предусмотренные уголовным законом последствия неизбежны. Все дело в том, что это является не целью уголовного наказания, а его неизбежным следствием. При этом уголовно-исполнительное законодательство РК предусматривает, что лица, отбывающие наказание, сохраняют права, пределы лишения или ограничения их прав определены законом. На исправительные учреждения в полном объеме распространяется прокурорский надзор, а осужденные вправе обжаловать незаконные действия администрации учреждений, исполняющих наказание.

Совершенствование принципов уголовного законодательства – процесс постоянный. Многие в этом процессе зависят от профессиональной подготовки



законодательства, обеспечивать формирование правильного понимания духа и буквы уголовного закона, готовности профессиональных умений и навыков неукоснительного исполнения его требований.

Понятие гуманизма трактуется в настоящее время как система ценностной ориентации, в центре которых признание человека в качестве высшей ценности, признание универсальной значимости человеческого бытия в целом и каждой отдельной личности в частности. Человек рассматривается как высшая цель и благо общественного развития. Реализация в связи с этим принципов гуманизма означает ориентацию на общечеловеческие ценности, имеющие фундаментальное значение не только для одной группы, класса, партии людей, а для всего человечества, на ценности, имеющие абсолютный и вечный характер.

Проблемы гуманизации оказываются в фокусе общественного внимания не случайно, общественность убеждается, что воздействие в новых условиях общественного развития судебной системы, карательного аппарата на преступность носит не эффективный характер. Классические меры наказания не всегда оказываются способными обеспечить поддержание общественного порядка. Общество нуждается в кардинальных мерах, которые могли бы удерживать человека от преступления, а если все же человек совершил преступление, то и отношение к ним должно происходить в рамках гуманистического принципа. Внимание этому вопросу уделяет президент РК. Осуществляется декриминализация ряда статей УК за которые назначается лишение свободы.

заменяют назначенное судом наказание более легким. Применение амнистии и помилования является проявлением гуманизма демократического, правового государства, уважения прав и проявление доверия к лицам, совершившим преступление. В основе издаваемых в Казахстане актов об амнистии и помилования лежит глубоко народный характер государства, стоящего на страже интересов личности, общества и проводящего в своей политике величайшие принципы гуманизма.

Акты амнистии носят нормативный характер, распространяются на определенные категории или группы лиц, подпадающие под действие закона об амнистии. Акты амнистии в Казахстане обычно принимаются в связи со знаменательными событиями или юбилейными датами. Всего в Казахстане с 1991 по 2006 годы приняты восемь законов об амнистии.

Амнистию следует отнести к числу наиболее ярких проявлений гуманизма. В современном уголовном законодательстве гуманизм государства проявляется через расширение спектра наказаний, альтернативных лишению свободы, через применение так называемых поощряющих норм, в первую очередь к лицам, совершившим правонарушения небольшой и средней тяжести, а также к социально уязвимым группам населения: беременным; женщинам, имеющим на иждивении несовершеннолетних детей, в том числе усыновленных или взятых под опеку или попечительство; женщинам, имеющим детей-инвалидов, независимо от возраста; несовершеннолетним; инвалидам; людям преклонного возраста и др. Дифференцированный подход к лицам, совер-



Бүгінгі таңда жастарға сапалы білім берумен қатар, рухани-адамгершілік қасиетке тәрбиелеудің де маңызы ерекше. Дамудың қазіргі ғылыми-технологиялық тренді жастардың жаңалыққа, өзгерістер мен жедел іс-қимылға, шапшаң шешім қабылдауға бейімделуін жылдамдатты. Сондықтан жас мамандарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениетін, зерттеу мүмкіндігін, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын жетілдіру – қоғамдағы өзекті мәселе.

іс-әрекеті туралы қажетті ақпаратты дер кезінде беру; топтағы студенттердің этикалық тәрбиесі: сыртқы келбетіне назар аудару, топтағы студенттің мінез-құлқына мән беру, олардың университеттің ішкі тәртібін қадағалауын бақылау; азаматтық, адамгершілік, эстетикалық, кәсіби, мәдени және физиологиялық тәр-

# Басты міндет - жеке тұлға тәрбиелеу

бие беру бағытында нақты іс-шаралар ұйымдастыру жүктелген.

Бүгінде ҚазҰУ-да әлеуметтік, мәдени және тәрбие жұмысы аясында көптеген іс-шаралар куратор-эдвайзерлер, студенттер ұйымдастыруымен өтеді. Бұл жобалық іс-шараның ең үздік жеңімпаздарына университет әкімшілігі мен деменшілер тарапынан арнайы диплом, сыйлықтар табысталады. Сонымен қатар білім-ғылым беру және әлеуметтік-тәрбиелік қызметтер аясында куратор-эдвайзер мектебімен әріптестік әрі серіктестікте жұмыс жасап жүрген студенттік өзін-өзі басқарудың ең жоғарғы ұйымы Жастар ұйымдары комитеті болып саналады. Ол студенттік өзін-өзі басқарудың негізгі субъектілері ретінде университет студенттерінің сенатын, жатақхана студенттерінің жоғарғы кеңесін, тәртіп сақтау жасағын, студенттік құрылыс жасақтарының штабын, үш лигадан тұратын дебат қозғалысын (қазақ, орыс, ағылшын лигалары) «ҚазҰУ қалашығы» «Green кампус» экоқозғалысын, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро және т.б. көптеген студенттік ұйымдар мен клубтардың жұмыстарын үйлестіреді.

Сонымен қатар тікелей ректорымыздың шақыртуымен оқу ордасына шетелдік және отандық әр саланың білікті мамандары, мансап иелерінің көшбасшылық дәрісі ұйымдастырылуда. Мұндай кездесулердің ұрпақ сабақтастығы тағылымына, жастар тәрбиесіне берері көп.

Қорытындылай келгенде, біздегі әлеуметтік-тәрбие жұмысының мақсаты – белсенді өмірлік ұстанымға ие, эмоционалдық жағынан тұрақты, түрлі мәдени топ өкілдерімен бейбітшілік пен келісімде өмір сүре алатын, патриот, әртүрлі ғылыми, мәдени ортада өзін-өзі жақсы қырынан айқындай алатын тұлға тәрбиелеу.

**Илияс ҚҰЛИЕВ,**  
аға эдвайзер  
Экономика және  
бизнес жоғары мектебі

# Кітапханашы ізденісі - уақыт талабы



**Жыл сайын Қаскелең мәдениет колледжіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 25 түлек оқуға қабылданады. Осы мамандық бойынша олар озық тәжірибелі педагогтерден білім алып, ҚР Ұлттық кітапханасынан және аудандық, қалалық, облыстық, модельді кітапханалар жүйесінен тәжірибе жинақтап, білікті маман атанып, республикалық, аудандық және басқа да техникалық, ғылыми кітапханаларда беделді қызметтер атқарып жатқанын зор ықыласпен айта аламыз.**

Сондай-ақ бұл мамандық бойынша білім алушылар республика кітапханалары және кітапхана мамандарын даярлайтын ЖОО ұйымдастыратын іс-шараларға, ғылыми-ізденіс жұмыстары мен конференцияларға, байқауларға қатысып, жүлделі орындар

атап өтетін жетістігіміз – «Кітапхана ісі» бөлімінің 2-курс білім алушысы Нұрай Оралбек «Білім инновациясы ғылыми орталығы» ұйымдастырған «ҚР үздік студенті – 2022» байқауының жүлдегері атанып, арнайы төсбелгімен марапатталды. Мұндай байқау-

марапаттау жүйесі әзірленіп, табысты жұмыс істейді.

«Кітапхана ісі» бөлімінің педагогтері Нұржамал Декембаева «Білім беру саласының үздігі» медалімен, Айгүл Тиерменова «Білім беру саласының үздігі» медалімен, облыстық кәсіподақтар бірлестігінен «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қайраткер» төсбелгісімен, ал Балжан Жүнісова «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен және өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңғыру мен жаңару жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында «Тәуелсіздік – алтын тұғырымыз» атты республикалық конференция барысында «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы» атты республикалық байқауына қатысып, байқаудың жеңімпазы ретінде төсбелгімен марапатталды.

Біздің «Кітапхана ісі» бөлімінің оқытушылары жыл сайын әртүрлі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Оқытушылардың біліктілігін арттыру жылдық біліктілікті арттыру жоспарына сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ «Кітапхана ісі» бөлімінің оқытушылары өздерінің ізденістерін тоқтатқан емес. Колледждегі озық педагогикалық тәжірибені тарату үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет қауымдастықтары арқылы тәжірибені тарату әдісі кеңінен қолданылады. Осы орайда, көшбасшы университет – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен арадағы байланысты нығайтып, білім алушыларға тиімді, ортақ жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырымыз.

**Саят АҚБАСОВ,**  
Қаскелең мәдениет  
колледжінің директоры  
Алматы облысы



мен марапаттарға ие болуда. Мәселен, біздің студенттер Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ақпараттық кітапханалар жүйесі» мамандығы ұйымдастыратын «Әл-Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жастардың конференциясына, ҚазҰҰПУ Кітапханатану және библиография кафедрасы ұйымдастыратын республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлері болып келеді. Сонымен қатар республикалық кітапханалар ұйымдастыратын онлайн және офлайн форматтағы кітап оқуға байланысты байқаулар мен сайыстардың белсенді қатысушылары. Ерекше

ларға қатысу білім алушылардың шығармашылығы мен өзін-өзі бағалауына, мамандыққа қызығушылығын дамытуға ықпал етеді. Бұған қоса, «Кітапхана ісі» мамандығының білім алушылары «Білім күні», «Тілдер күні», «Студенттерге арнау», «Студенттер күні», «Тәуелсіздік күні», «Наурыз мейрамы» сияқты колледждің жыл сайынғы іс-шараларына және т.б. шараларды талқылауға белсенді қатысады.

Қаскелең мәдениет колледжінде жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми нәтижелері және іске берілгендігі үшін оқытушылар мен қызметкерлерді



Қазіргі уақытта әлем елдерінің көпшілігі жастарға қатысты заманауи ұлттық саясат жүргізіп, оны дамыту мен қорғау, іске асыру туралы арнайы бағдарламалар мен заңдар қабылдап жатыр. Мәселен, бізде ҚР «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндігін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп атап көрсетілген.

Бүгінде ректорымыз Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ сапалы білім берумен қатар, терең ғылыми-зерттеу бағытындағы университетке трансформациялану кезеңінде жастарға ең алдымен әлеуметтік рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мектебін дамытуға мән беруде. Мәселен, университетіміздегі «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің негізгі идеясы – сыбайлас жемқорлықты қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің құндылықтарымен мүлдем сыйыспайтын құбылыс ретінде санап, жастардың бойында оған тезбеушілік сезімін қалыптастыру. Сондай-ақ білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды енгізу бойынша жобалар қоржынын әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау, жоспарлау, білім беру үдерісінде қатысушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, санасын және мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ету. Одан кейін 18 800 студент-бакалаврға 876 оқытушы,

куратор-эдвайзерлерден құралатын куратор-эдвайзерлер мектебінің қызметін айтсақ болады. Негізгі мақсат – жастардың тұлғалық дамуының үйлесімдігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың оқу жоспары аясында білім алу траекториясын таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту. Университет ауқымында куратор-эдвайзер мектебінің кеңесімен білім беру бағытында тәрбие берудің заманауи методикаларын қолдануға байланысты біліктілікті арттыру семинар-тренингтері өтетінін, нәтижесінде сертификаттар берілетінін айта кету керек.

Куратор-эдвайзер – топтың ұйымдастырушысы, әдістемелік басшысы, тәрбиешісі, педагог-психологі. Оның міндетіне жататын мәселелер: оқу жылы барысында студенттік топтың өміріне ұдайы қатысуы; мәселелерін шешуге көмек көрсету, топта достық ортаны қалыптастыру, әрбір студентке тұлға ретінде қарау; студенттердің сабаққа қатысуын және үлгерімін бақылауды ұйымдастыру; сабаққа қатысу журналын тексеру, оқытушылармен оқу үлгерімі туралы әңгімелесу; топтағы әрбір студенттің денсаулығын және тұрмыстық жағдайын білу; студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту, олардың ғылыми мүдделерін ескеру, зерделеу, сонымен қатар өзін-өзі танытуына жағдай жасау; ата-аналармен жұмыс; студенттердің сабаққа қатысуы, үлгерімі, сондай-ақ оқу орнындағы



# Архив құжаттары ғылыми айналымға енгізіледі

ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті және Орталық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Әлеуетті зерттеу орталығының ашылу рәсімі және Ұлттық архив қорының құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті.



ның жобасы жайында ой-пікірін ортаға салды.

Дөңгелек үстелге қатысушы белгілі тарихшы, академик Қ.Алдажұманов тарих ғылымына кері әсер ететін мәселелерге тоқталып, жалпы, кез келген зерттеу тарих ғылымының төңірегінде орын алып жататын, ақ пен қараны ажыратуға бұлтартпайтын құрал – архив құжаттары негізінде жазылуы қажеттігін алға тартты. Профессор, тарих ғылымының докторы, тарих факультетінің деканы Д.Байғонақов архив мамандарын дайындауда, білікті кәсіби мамандарды сапалы білім

беру арқылы архив құжаттарын жариялау ісіне араластыру қажеттігін, сонымен қатар келешек архив құжаттарын жариялаушы, маман археографтарды дайындау барысында көбірек грант бөлу керек екенін атап өтті.

Осы дөңгелек үстелге қатысушы басқа да тарихшы ғалымдар мен білікті кәсіби архивші мамандар архив құжаттарын жариялауға қатысты қордаланған сан алуан өзекті мәселелерді көтеріп, дәйекті мысалдарға жүгініп, өз ойымен бөлісті. Шара барысында қатысушылар ортақ мәмілеге келіп, ғылыми жариялаудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын талқылау жалғасатыны жайлы айты. Жоба, жалпы, тарихшылар, архивистер қауымымен пысықталады, ал қажетті тұстары анықталатыны жөнінде қорытынды бөлімде ескертілді.

**Бақыт НҮРПЕЙІСОВА,**  
Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., тарихшы-архивист

Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының Әзірбайжан орталығында қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Тағдырлас тұлғалар: мұзбалақ Мұқағали мен өрелі Орхан Вели» атты әдеби-сазды кеш өтті. Шараның мақсаты – Мұқағали мен түрік ақыны Орхан Вели Канық шығармашылығын сабақтастыра қарау арқылы екі ақынның табиғаты өмірде де, өлеңде де бір-біріне жақын екенін студент жастарға көрсету еді.

## Қос ел ақындары шығармашылығына арналған кеш



Шараға факультет деканының оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Үмітай Әбдіғаппарқызы, түркиялық қонақ оқытушы, PhD Селенай Кошумджу, факультеттің аға куратор-эдвайзері Шәріпқазы Нұртәліп, факультеттің профессор-оқытушы құрамы мен студент жастар қатысты. Әдеби кеште дарынды өнерпаз, факультеттің аға куратор-эдвайзері Шәріпқазы Нұртәліп М.Мақатаевтың өміріндегі қызықты оқиғаларынан әңгіме өрбітіп, ақынның сөзіне жазылған әндерді қасиетті домбырамен орындап, көпшілікті тәнті етті.

Түркиядан келген профессор Селенай Кошумджу ханым Орхан Вели Канық туралы естеліктерімен бөлісті. Қазақ жерінде Мұқағали қалай дәріптелсе, Түркияда Орхан Вели де сондай дәрежеде құрметтелінін жеткізді. Селенай ханым Орхан Велидің бірнеше өлеңін мәнерлеп оқып берді.

Қатысушылардың ерекше қызығушылығын оятқан 2-курс студенті Іңкәр Шакипзаданың орындауындағы М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықта-

ғанда» поэмасы еді. Іңкәрдің өлең оқу тәсіліне барлығы дән риза болып, тапжылмай тыңдады.

Ақын Мұқағали жырын бірінен соң бірін оқыған студенттер Орхан Велидің де өлеңдерінен нәр алды. Орхан Велидің әр түрік баласы білетін жырларының ішіндегі «Ыстамбұл, сені үнсіз тыңдаймын» атты белгілі өлеңін Аружан Тілеудің орындауында тыңдады. Сондай-ақ «Өмір сүру», «Ол күн туады», «Желге қарсы тұрсам», «Жалғыздық», «Мына күн мені жаулады», «Түсіндіре алмаспын», «Сол сәтте» секілді жырлары оқылды.

Осы кеште М.Мақатаевтың сөзіне жазылған «Саржайлау», «Сенің көзің...», «Есіңе мені алғайсың» және түрік тіліндегі «Өмірге бір-ақ рет келеміз» атты әндерді тамылжыта орындаған студенттер көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

**Жеңісбек ӘБІЛДАЕВ,**  
ТҮРКСОЙ кафедрасының куратор-эдвайзері

**Гүлжан ЖАҒАТАЕВА,**  
аға оқытушы

## Қаламы да, шаңғысы да жүйрік Нұрбек

Алматыдағы Шымбұлақ шаңғы тебу кешенінде Tap Media Cup тау шаңғысы мен сноубордтан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасындағы жарыстар биыл екінші рет ұйымдастырылды. Журналистер қауымы жексенбі күні ертемен әйгілі «Медеу» мұзайдынынан жоғары орналасқан Шымбұлаққа жиналды.



Жарыстың басты идеясы – жастарды салауатты өмір салтына, спортпен айналысуға шақыру және демалыс күндерін белсенді өткізуге ынталандыру. Отыздан астам адам қатысқан БАҚ қызметкерлері арасындағы таудан шаңғымен сырғанау жарысында біздің әріптесіміз Нұрбек Нұржан II орынды иемденді.

– «Таң медиа кубогының» дебюттік кезеңі «Профессор» шаңғы жолында «Боне» әдісімен өтті. Бұл әдістің шарты бойынша таудан төмен қатты жылдамдықпен сырғанап, арасы 20-30 метр қашықтықта тігілген жалаушалардың арасынан айналып өту керек. Жарыс кезінде қалың тұман мен жауып тұрған қар аздап кедергі

келтірді. Соған қарамастан, журналистер сайыстың соңына дейін табандылық танытты, – дейді Нұрбек Нұржан.

Журналистер арасындағы дода өте тартымды өтті. Ерлер арасында Егор Ильиннен кейін әріптесіміз Нұрбек Нұржанұлы екінші болып жеңіс тұғырына көтерілді, ал үшінші орынды Әмірболат Құсайынұлы иеленді. Қыздар арасында бірінші орынды Татьяна Николаева, екінші орынды Наталья Качалова, ал үшінші орынды Наргиз Хусаин жеңіп алды.

«Qazaq universiteti» газетінің тілшісі Нұрбек Нұржанұлының «Кітап патшалығы» әңгімесі өткен жылы үздік шығарма ретінде ба-

ғаланып, «Проза» жанры бойынша байқаудың жеңімпазы деп жарияланды. Әріптесіміз халықаралық «Дарабоз» бәйгесінде 1-орынды, халықаралық «Шабыт» фестивалінде 3-орынды еншілеген танымал қаламгер. Республикалық «Алтын қалам» байқауының «Жылдың үздік поэзиясы» аталымының жүлдегері. Республикалық «Қазақ пен қала» әдеби байқауының 1-орын иегері. Бұл жолы Нұрбек жастар арасынан жарқырап көрініп жүрген қаламы жүйрік жазушы ғана емес, шаңғысы ұшқыр спортшы екенін көрсетті. Талант дара жүрмейді, табыстарға жете бер, әріптес!

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры **Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры **Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.  
• Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)  
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.